



— Сіз басқарып отырған жоғары оқу орнының басқалардан қандай ерекшеліктері бар? Ол неге академия немесе жай ғана жоғары мектеп деп аталмайды, халықаралық бизнес университеті мәртебесінің шын мәнін немен түсіндірер едіңіз?

— 90-шы жылдарға дейін бізде халықаралық бизнестің жоғары мектебінің тәжірибесі болған емес. Нарықтық экономиканың өлшеп-санауы де білген емеспіз.

Өткен он жыл осы ойымызға алғанды

қозғалған кезде біздің университеттің білім сапасы жөніндегі қызметі 2002 жылдың наурыз айында Еуропалық одақтың сараптама комиссиясының тандауы бойынша Орталық Азиядағы ең таңдаулы төрт жоғары оқу орындарының бірі болып, халықаралық қоғамдық байқау аккредитациясынан өткізу үшін іріктеліп алынғанын айтсақ та болар еді. Бұл жұмыс берушілер мен тәуелсіз халықаралық сараптамашылардың тарапынан аймақтағы ең таңдаулы жоғары оқу орындарын таңуды қалыптастырады деп ойлаймыз.

— Кенжеғали Әбенұлы, көптеген жекемен-

— Талапкерлерді жаңа оқу жылында қызықтырып шақырған жарнамалар да жетіп жатыр. Біздің білімімізше, талапкерлердің қатарын барлық жоғары оқу орындарының бөлісіп алғандай күйге түсушің өзі қиын. Жекеменшік оқу орындарына тиіген ағылып жатқан жоқ. Бәлкім, қымбат қаражат жағы қинайтын болар. Сіз өз университетіңізде талапкерлер қатарын көбейту үшін оқу ақысын азайту жөнінде не айтар едіңіз?

— Сіздің айтып отырғаныңыз рас. Талапкерлердің қатары биыл аса көп болады деп жасалған болжам жоқ. Соған қарамастан, ақылы оқу қаражатының көлемін бірден және еш ойланбастан азайтуды біз де дұрыс санамаймыз. Білім сапасы және білікті кадр даярлау туралы сөз қозғалғанда, оның маңыздылығына сөйкес әрбір пәннің жан-жақты оқытылып, шәкірттерді ешкімнен үялмайтындай, лайықты азамат тәрбиелеп шығару бірінші кезекте тұруы керек. Құр бекер татымы арзан ақшаға талапкерлерді топырлатып оқытуға шақыру күні ертең опық жегізетіні анық. Біз өз оқытушы ғалымдарымыздың біліктілік деңгейіне және абырой-беделіне бұған дейін де көшпелік беріп келгенбіз. Әркім өзінің интеллектуалдық деңгейіне қарай ақы алуы қажет. Арзан оқу жай қызықтыру ғана. Бәсекелестікке шыдас бермей, жағдайы өлсірей бастаған жерде “тіптен тегін оқытамын” деп айтып қалушылардың сөзін естігенде олардың сөзіне нанғың келмейді. Біздің университет жеті жылдан бері ақылы оқуды бір деңгейде ұстап келеді, соған сөйкес студенттердің жан-жақты білім алуына барлық жағдай жасалған. Биыл біз университетте жаңа алты мамандық бойынша оқытуды қолға алатын ұсынысымызды жоғарыда айтып өттім. Бұл да өз мүмкіндігіміздің кеңейе түскендігін көрсетеді.

Бағыс Еуропа, Жапония және АҚШ сияқты ірі елдерде қосымша

даярлықтан өткен біздің жетекші профессорлар мен сараптаушыларымыз ол жақта бірді-екілі лекция оқып, қайтып жүрген жоқ, тұтас оқу жылында оқу курстарын өткізіп жүр. Жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндігін игеру үшін екі шет тліін білу мәселесі де оқу бағдарламасына енгізілді. Компьютер әрбір студенттің алдына қойылғанын айтқым келеді. Жыл сайын студенттер өндірістік практикасын отандық және шетелдік компанияларда өзара келісім-шартқа сөйкес өткізеді. Үлгерімі жоғары студенттер диплом алғанша өзінің жұмыс орнымен де қамтамасыз етілетін бір тетік осылай тізілді. Олардың арасында шетелдік оқу орындарына барып та өз ірілік кезеңдерінен өз бағын сынаған студенттеріміз бар. Тек өтері: университеттің басшылығы шын мәнінде нақты бизнеске жақын, сондықтан жұмыс берушілердің кадрларға қоятын талабын жақсы біледі. Қазақстандағы Америка сауда палатасына, Алматы көсіпкерлері қауымдастығына, республикалық қаржыгерлер қауымдастығына мүше болып, EDNET экономикалық бизнес білімі жөніндегі ресурстық жүйеге тұрақты қатысып жүр. Біздің кадрларымыздың республикалық банк жүйесінде, сауда-қаржыгерлік компанияларында басқару қызметінде жемісті жұмыс істеуі біздің ұстанған бағытымыздың дұрыс екенін айғақтайды.

Үлкен мұхитта алыс көкжиекке жылжып бара жатқан білім кемесіне кімдердің мініп, кімдердің қалатыны белгісіз. Тек мамандық таңдаудан біздің ұлқындарымыздың қателеспейтін сөз соңында қайталап айтқым келеді.

Әңгімелескен
Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
“Егемен Қазақстан”.

Кенжеғали САҒАДИЕВ:

“Бизнес білімін өзі білетіндер ғана үйретеді”

Қазақстанда қазіргі заман бизнес білімін беру қадамдары 1990 жылдары қалыптаса бастаған еді. Нақ сол кезеңдері өмірге енген нарықтық экономиканы басқару үшін білікті кадрлар даярлауды жекеменшік оқу орындары қолына алды. Осы тұрпаттағы алғашқы жоғары оқу орындары қатарына халықаралық бизнес университеті жатады. Әуелде ол халықаралық бизнес мектебі деп аталған-ды. Он жылға жуық уақыттың ішінде осы университеттің мыңнан астам түлегі қазақстандық және халықаралық компанияларда ойдағыдай жұмыс істен жүр.

Халықаралық бизнес университетінің президенті, Ұлттық ғылым академиясының академигі, экономика ғылымының докторы, профессор Кенжеғали САҒАДИЕВ бізбен әңгімесінде бизнес, білім және кадрлар даярлау туралы өз ойымен бөліскен еді.



орындауға мүмкіндік берді. Оған біздің университеттің қосқан үлесі мақтаныш үшін айтып отырғанымыз жоқ, жай ғана цифрлық көрсеткіштермен айтудың өзі аздық етеді. Еңбек рыногында бәсекелестік туғызатын отандық және халықаралық компаниялардың басқосуын ұйымдастырып, жас буын кадрларымыздың аз жылдар ішінде біліктілігін шыңдаудың нәтижесінде біз өз бизнесмендерімізді алдыңғы қатарға шығардық. Шетелдік бизнесмендердің аузынан не шықса соны қағып алып, не айтса соны ойланбай орындай салатын бизнесмен енді жоқ. Халықаралық бизнестің оқу бағдарламасын өзінше күрделілігін және оқытушы-ғалымдардың тек теориямен ғана сусындатып қоймай, білім жүйесінің әртүрлі жолдарын салыстырып, жіліктеп жинақтау жолындағы қажыр-қайратын бір жылдың бедерімен өлшеп-пешіп берудің де қисыны жоқ тәрізді. Біз Қазақстан жоғары мектептері арасында жаңа экономиканың мүмкіндіктері мен келешегін өз ұлқындарымызға терең меңгерту арқылы өз орнымызды таптық. Бір артықшылығымыз болса, осы. Кәсіби жоғары білім берудің сегіз мамандығы бойынша оқу бағдарламасы жасалған және жақында Білім және ғылым министрлігіне қосымша алты мамандық бойынша оқыту бағдарламасын, сондай-ақ аспирантура мен докторантура ашуды ұсындық. Іргелі ғылыми-зерттеулер жүргізетін сектор қалыптасты, халықаралық және республикалық ғылыми бағдарламалардың бірнеше түрін жүзеге асыруға көмектесетін бұл жүйеге үлкен үмітпен қараймыз.

Мен бұған дейін экономист мамандарын даярлайтын бірнеше жоғары оқу орындарын басқарып, жаңа сынақтар мен тәжірибелерді өткергенім есіме түсіп отыр. Көп нәрсе таңсық емес дегенім ғой. Қандай мәселені қолға алсам да басқалардың озық үлгілерін үйренгенім болмаса, тіптен ұқсап кеткім келмейді. Әңгіме білім берудің сапасы туралы

пик жоғары оқу орындары Сіз айтқандай, жап-жақсы материалдық базаға ие, оларда да аспирантура, докторантура бар. Ғылыми педагогикалық деңгей де жаман емес. Халықаралық бизнес университетінің өзін жоғары қоятын қырларын атап айтыңызшы.

— Бұл сұрақтың бірсыпыра жауабын өлгінде айттым. Өмірге жақын және ең зәру мамандыққа баулу, жас кадрларды мемлекеттік құрылымдарға, кәсіпорындарға және жекеменшік компанияларға теліп, ғылыми-зерттеулер, ақпараттық қызмет, бизнестік жоспарлау, маркетинг және қаржылық менеджмент қызметтеріне жақын тарту жай ғана сөзбен емес, нақты іспен жүзеге асырылып келеді. Бұрынғы ескі оқу жүйесімен қағазбастылыққа қайран қалдыру келмесе кеткен. Қазіргі ғасырдағы жаһандану соншалықты жылдам өтуде, сондықтан экономикадағы өзгерістер кадрлардың өзін уақыттан озған тірлікке немесе ең кемінде уақыттан қалмай өрекет етуге жетелейді. Қарапайым тағы бір жауапты айтайын: университеттің өзі бизнесті заман талабына сай басқару сипатында белгілі бір деңгейде жетекші ұйымның қызметін атқарады. Кез келген адам өзі бизнесті білмей жатып басқаға бизнесті қалайша үйретер алар еді. Қазақстанда көптеген халықаралық ұйымдар біздің университетпен екі жақты пайдалы және қолайлы қарым-қатынастың орнықтылық жағына мән беріп, байланыс жасайды. Бизнес өлемінде абырой-беделі әйгілі, Халықаралық жекеменшік кәсіпкерлік жөніндегі бағдарлама орталығының жетекшісі Беатрис Селлердің (Вашингтон, АҚШ): “Кіммен қарым-қатынас жасауға болады?... Бизнесте әріптес қандай болуы керек... Сенімді. Адал. Әрине, кәсіби деңгейі жоғары болуы қажет. Мәселен, Халықаралық бизнес университеті сияқты...” деген пікірінің халықаралық жиын мінберінен айтылуы да көп ойға қалдыратыны анық.